

## **ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қазіргі және дәстүрлі білім беру, оқыту-тәрбиелеу үрдісінде үйлесімді, тиімді қағидаларды талап етеді, мектеп іс-тәжірибиесінде оқыту-тәрбиелеу процесінде халық педагогикасының этнодидактикалық мүмкіндіктерін шығармашылық тұрғыда және қазіргі ғылыми педагогиканың жеткен жетістіктерімен үйлестіре қолдану. Халық тәжірибиесі мен дидактикалық идеялар халық педагогикасының қайнар көзінен алына келе, қазіргі әлеуметтік даму сатыда оқыту және білім берудің негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Халық тәжірибиесінің дидактикалық элементтерінің барлығы жоғары сынып оқушыларына жан-жақты өсуіне, дамуына, жетілуіне қолданылады. Сондықтан қағидадан шығатын талап, ұлттық мектепте тұлға қалыптасады. Халық тәжірибиесі мен дидактикалық идеяларын талдап, өлшемдері мен мақсатын анықтап, қазіргі мектепте білім беру мазмұнына тиімді ұйымдастыруды, келтірілген қағида талап етеді. Көрсетілген қағида ұлттық мектептерде халық педагогикасының элементтерін сабақта сабақтан тыс пайдаланбауды талап етеді.

Халық педагогикасының тәжірибиесін оқушылардың барлық сабақтарында ұйымдастыру қағидасының негізгі мазмұны тұлға іс-әрекетін тәрбиелеу. Адамның тұлғалық жетілуіне, әр қырынан көрінуі, қоғамдық заңды тәжірибиені меңгерудің арқасында болады. Ұлттық мектепте оқушылардың оқытылуы, білім алуы халық педагогикасының тәжірибиесінен мағлұмат алады, оқушылардың барлық сабағында қолдану мүмкін (оқыту, пайдалы қоғамдық жұмыстар, ойындар, денешынықтыру-сауықтыру және көркемөнер жұмыстар) халық педагогикасының тәжірибиелік мазмұнын толтыруда ыңғайлы жағдай жасайды. Көп ғасырлық халық тәжірибиесі, ұлттық мәдени құндылықтар тұлғаның жан-жақты қалыптасуына әсер етеді. Мұғалім сабақты жоспарлау кезінде халық педагогикасының элементтерін кірістіру және оқушылардың сабаққа белсенді түрде араласуын қамтамасыз ету қажет. Халық педагогикасының негізгі қағидасын есепке алу.

Халық педагогикасының этнодидактикалық мүмкіндіктерін ұйымдастыру үшін, халық педагогикасының негізгі қағидасына сүйену қажет, олар: халықтық, мәдени-табиғи тәрбие, еңбек арқылы тәрбиелеу, тәрбиенің өмірмен байланысы. Халық педагогикасының қағидаларынан, халық тәжірибиесі мен дидактикалық идеялар негізі құралады. Осы қағидалардың негізінде педагогика тарихы мен дидактикалық жүйе талданады. Халық педагогикасында бар дәстүрлі халық білімі мен тәжірибиесін тұлғаның меңгеруін талап етіледі. Мектепте оқыту-тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру үшін қойылатын қағидалар ұсынылады: аймақтық халықтың түп-тамырын, өмір сүру деңгейін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы білімдерін арнайы іріктеп есепке алады. Ұлтты дамыту бағдарламасына байланысты қағида.

Егеменді ұлтаралық мемлекетте әлеуметтік-мәдени экономикалық өзгерістерде жалпы ұлттық құндылықтарды меңгеру, мектептік білім беруде әртүрлі ұлттарға бағыт беру өте күрделі жұмыс. Ұлттық мемлекеттің бекінісі мен стратегиялық даму жолы қоғамдық қажеттіліктер мен ұлттық мәдени білімге байланысты. Мемлекетте әлеуметтік-экономикалық даму және стратегиялық жолдар, аймақтық ұлттық дамулар, ұлттық өзгешеліктерінен туындайды, жалпы білі беретін мектептерде мәдени құндылықтарды ұлттық білімде құру, жобалау, ұйымдастыру бағыты болып табылады. Ұлт мемлекетінің негізгі даму бағыты, халық педагогикасының тәжірибиесін оқу-тәрбие үрдісіне

ұйымдастыру негізінде ашылады. Қағиданы талдай келе, мектеп іс-тәжірибиесінде халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларын мұғалімдердің жұмыстарын ұйымдастыруда ұсынылған «ереже» қолға алынады: 1) арнайы таңдау бойынша сенімді мысалдар: халық дәстүрлерін суреттеу, ұлттық өнер, тіл, дін және де басқада құндылықтарды оқу мазмұнына қосу бұл-егеменді ұлттық мемлекеттің қорғанын жаңғырту; 2) егеменді жаңа мемлекеттің өтпелі кезеңінде әлеуметтік саяси-экономикалық мәселелер, әлеуметтік құндылық мұраларын зерттеу санымен қатар ұлтты дамытуда басқарушы бағдарламаларды құру және оқуда қайшылықтарды шешу мәселесі; 3) қазақстанда тұратын әр ұлт тарихын сезіне білу, оқушылардың оқу материалдарының көмегімен халық педагогикасының тәжірибиесіне ояту. Жеке тұрғыдан келу қағидасы. Оқу жүйесінің дидактикалық жұмыста білік, ептілік сапалары қалыптасады. Дәстүрлі сыныптық оқу жүйесінің сақталу элементі, сабақтар мынандай көріністе жүргізіледі мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеттері іс-қағаз жүзінде бағаланады, ұпайланады, пайыздалады онда өмірге қажетті міндеттер шешілмейді. Заңның көқарасы бойынша қазіргі жалпыға бірдей білім саласының бағалық кристалдығы жалпы талантты жастардың көзін жоюды мақсат ету деп хабарлайды.

Біздің көзқарасымызша халық педагогикасының этнодидактикалық мүмкіндіктерін сынып-оқу жүйесінің ұйымдастыру кемшіліктерін жойып, жеке формада оқытуға жағдай жасайды (жекеше, бірлесе, топтық және ұжымдық). Оқушылардың оқу іс-әрекеттерін жекешелендірілсе, шығармашылық қабілеттері дамиды. Сонымен қатар халық педагогикасының этнодидактикалық тәжірибиесін ескере, біз оқушылардың сабағында халық идеяларын оқытуда ұйымдастырудың жекеше қағидаларын анықтадық: а) сабақта оқушылардың өзіндік маңызға ие болу қағидасы (оқу, ойын, қоғамдық жұмыстар және т.б.); б) оқушылардың шығармашылық зейін көлемінің сапалық деңгейлерін есепке алу қағидасы; г) белсенділік қағида. Жекешелендіру оқу іс-әрекетінің үлгілік қағидасына байланысты, халық педагогикасының тәжірибиесін мұғалімдер мен оқушылардың меңгеруіне келесі ережелер ұсынылады: 1) жалпыға белгілі жұмыстардың әдістемелері мен жолдарын көшірме; нақты жағдайларды есепке алу арқылы өзіңнің қабілетінді бейімдету; 2) шығармашылық міндеттерді шешуде өзіндік әдіс-тәсілдерді іздеуге шешім қабылда; 3) өзіңнің мықты және әлсіз сапаларыңды ескере, сабақ беруде өзіндік екпінінді, ырғағыңды іздеу (ойында, оқуда, еңбекте, денешынықтыру, көркемөнер іс-әрекеттерінде). Белсенділік қағида оқушылардан, белсенді дайындалуын талап етеді.

Мектепте оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының мүмкіндіктерін пайдалану технологиясы. Педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің талдауы бойынша қазақ халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндігі мектепте оқушылардың білім және тәрбиелеу сапасын ұйымдастыруда маңызы зор.

Қазіргі кезде халықтық оқыту элементтерін сабақта аз қолданылады. Осы жетіспеушіліктерді анықтай келе біздің негізгі зерттеудің нақты міндеттерін шешу:

- қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие процесін қазақ халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктерін тиімді ұйымдастыру;
- анықтау және әдістемесін әзірлеу;
- мектепте оқу-тәрбие процесін халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктерін пайдалануда технологиясын әзірлеу;
- халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктерін ұсынылған технологиясын сыныпта-сыныптан тыс іс-тәжірибиелерде тиімділігін тексеру.

Халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктерін сабақта ұйымдастырудың тиімділігін анықтау әдістемесін қарастырамыз. Халық педагогикасының элементтерін белсенді көбінесе мына пәндерде (ана тілі, әдебиет, ән, бейнелеу өнері, сызу, дене шынықтыру, еңбек). Бағдарлама сай ұйымдастырылған іс-тәжірибиеде біз оқушылардың халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктері туралы қаншалықты білімдерді, дағдылары, біліктерін, меңгергені және жеке тұлғалық сапасын бағалау нәтижесінде мынандай факторлар байқалды:

- оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейі;
- оқу пәндеріне танымдық қызығушылық;
- ұлттық мәдениетке көзқарастары.

Модельдегі жоғары сынып оқушыларының ұлттық негіздегі тәрбиелік қасиет-сапаларын, ұлттық тұрғыдағы мәдениеттілігін, азаматтылығын, диалектикалық бірлікке негіздеп, жеке тұлғаны тәрбиелеудің мазмұнын жүзеге асырудың жолдарын айқындау қажеттілігі туындайды. Оны біз тәжірибелік-эксперимент барысында дәлелдеуге талпындық.

Мұғалімдердің және сынып жетекшілерінің халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларын сыныпта жұмыстарында пайдалану:

- халық педагогикасының элементтерін қолдану арқылы сабақта (сабақтан тыс іс-шараларда) мақсаты мен міндетін анықтаудың мүмкіндігі;
- оқыту мазмұнына халықтың дәстүрлі білімін қосу;
- сабақтың дидактикалық сабақтарда келтірілген әдістер мен формалардың өзара әсер етуі;
- әртүрлі жаңа сабақтарда оқушылардың өзара қарым-қатынастарында ұлттық құндылықтарды пайдалану;
- оқу мазмұнына халық білімін ендіру (сабақтан тыс білім мазмұндарына);
- халықтық оқыту тәжірибелерінің әдістер мен формаларын, құралдарын таңдау (оқыту-тәрбие үдерісіне байланыстыра пайдалану);
- сабақтың нақты мазмұнын ұйымдастыруда халық педагогикасының тәжірибелерін оқыту үдерісіне біріктіру;
- сабақ мазмұнында халық педагогикасының тәжірибелерін тиімді ұйымдастыруды анықтау (сабақтан тыс іс-шараларда).

Халық педагогикасының дидактикалық мүмкіндіктерін ұйымдастыруда мұғалімдерді дайындау әдістемелік теорияларда және іс-тәжірибелерде талдауларды меңгеру келесі қорытындылар шығуына себеп болды:

- мұғалімдер мен сынып жетекшілер халық педагогикасының тәжірибелерін теориялық-әдістемелік дайын болғанда этномәдени білімді ұйымдастыру тиімді;
- мұғалімдерді дайындау үшін халық педагогикасының мәдениетін элементтерін, құралдарын сабақтан тыс үйірмелерде тиімді ұйымдастыруында нәтиже болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әбиев Ж. , Бабаев с. , Құдиярова А. Педагогика . – Алматы : Дарын , 2014.
2. Қоянбаев Ж. Б. , Қоянбаев Р. М. Педагогика , -Алматы ,2010.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу , 2013.
4. Ахметова А. К. Принципы технологий и содержание образовательной программы . – Алматы , 2011.